

ЭОЖ 372.891  
ҒТАМР 39.03.15

<https://doi.org/10.51889/3005-6217.2023.78.4.002>

М.С. Кенжебаева<sup>1\*</sup>, Б.Ш. Абдимананов<sup>1</sup>, А.М.Исмаилов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан  
<sup>2</sup>Алтынсарин атындағы №1 мектеп-лицей, Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Қазақстан

## ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ АЙМАҚТЫҚ МАЗМҰНЫНДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аңдатпа*

Бүгінгі таңда педагогикалық технологиялар негізінде оқыту мен оларды оқуға біріктіру көптеген оқу пәндері үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мектеп географиясын оқытуда заманауи технологияны пайдалану маңызды болуымен қатар, білім алушылардың тақырыпты толық түсінуі үшін көрнекі құралдар қажет болатынын ескеру қажет. Интерактивті карталарды, географиялық ақпараттық жүйелерді, бейне сабақтарды және басқа да заманауи технологияларды пайдалану білім алушыларға географияны тереңірек және тиімді зерттеуге мүмкіндік береді. Алайда, педагогикалық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары көп болғанымен, мектеп географиясында аймақтық мазмұнды пайдалану кезінде туындайтын мәселелер де аз емес.

Осы орайда, зерттеу жұмысының басты мақсаты ретінде педагогикалық технологиялар негізінде жергілікті аймақты пайдаланудағы мәселелерін мектеп мұғалімдерінен сауалнама алу арқылы анықтау әдісі таңдауға алынды. Жоспарланған зерттеу жұмысы барысында белгіленген тақырып бойынша бірінші және екінші реттік дереккөздерін жинақтау қолайлы болып табылады. Жергілікті және аймақтық мазмұн мектеп географиясын оқытуда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім алушыларға белгілі бір аймақтың географиялық ерекшеліктерін жақсы түсінуге және оларды жалпы географиялық принциптермен байланыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аймақтық мазмұнды пайдалану оқушылардың географияға деген қызығушылығын арттырады және оқу процесін байытады. Мақалада мектеп географиясында жергілікті аймақты пайдаланудағы мәселелері бойынша жан-жақты талдауы жасалынған. Сонымен қатар, аймақтық мазмұнмен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен формалары географиялық оқытуда білім беру мақсаттарына жетуде маңызды рөл атқарады. Әр түрлі әдістер мен формаларды қолдану аймақтық ерекшеліктерді тереңірек түсінуге ықпал ететін қызықты және тиімді оқу ортасын құруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері заманауи педагогикалық технологиялар негізінде мектеп географиясындағы аймақтық мазмұнды пайдаланудағы мәселелері бойынша ұсыныстарды қамтиды.

**Түйін сөздер:** аймақтық мазмұн, әдістер, география, педагогикалық технологиялар, оқыту құралдары.

М.С. Кенжебаева<sup>1\*</sup>, Б.Ш. Абдимананов<sup>1</sup>, А.М.Исмаилов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан  
<sup>2</sup>№1 школа-лицей имени Алтынсарина, Алматинская область, Уйгурский район, Казахстан

## ПРОБЛЕМЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ В РЕГИОНАЛЬНОМ СОДЕРЖАНИИ ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

*Аннотация*

Сегодня обучение на основе педагогических технологий и их интеграция в обучение является одним из важнейших вопросов для многих учебных предметов. Помимо важности использования современных технологий при обучении школьной географии, следует отметить,

что для полного понимания учащимися предмета необходимы наглядные пособия. Использование интерактивных карт, геоинформационных систем, видеоуроков и других современных технологий позволяет учащимся более глубоко и эффективно изучать географию. Однако, несмотря на множество преимуществ использования педагогических технологий, существует и немало проблем, возникающих при использовании регионального содержания в школьной географии.

В качестве основной цели исследовательской работы, был выбран метод выявления проблем использования местного контента, который был выявлен путем анкетирования учителей географии. В ходе планируемой исследовательской работы предпочтительным было обобщение первоисточников и вторичных источников по теме исследования. Местное и региональное содержание играет важную роль в преподавании школьной географии, поскольку позволяет учащимся лучше понимать географические особенности конкретного региона и соотносить их с общими географическими принципами. Кроме того, использование регионального содержания повышает интерес учащихся к географии и обогащает учебный процесс. В статье сделан всесторонний анализ школьной географии по вопросам использования местного региона. Кроме того, методы и формы организации работы с региональным контентом играют важную роль в достижении образовательных целей в обучении географии. Использование различных методов и форм позволяют создать интересную и эффективную среду обучения, способствующую более глубокому пониманию региональных особенностей. Результаты исследования содержат рекомендации по проблемам использования регионального содержания в школьной географии на основе современных педагогических технологий.

**Ключевые слова:** региональное содержание, методы обучения, география, педагогические технологии, средства обучения.

*Kenzhebayeva M.<sup>1\*</sup>, Abdimanapov B.<sup>1</sup>, Ismailov A.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>Altynsarin school-lyceum №1, Almaty region, Uyghur district, Kazakhstan*

## **PROBLEMS OF USING PEDAGOGICAL TECHNOLOGIES IN REGIONAL CONTENT OF GEOGRAPHICAL EDUCATION**

### *Abstract*

Today, teaching based on pedagogical technologies in the field of education and their integration into training is one of the most important problems of many educational programs. It is also important to note that, although the use of modern technologies in teaching school geography is important, students will need visual aids to fully understand the subject. The use of interactive maps, geographic information systems, video tutorials and other modern technologies allows students to study geography deeper and more effectively. However, even though the advantages of using pedagogical technologies are numerous, there are also many problems that arise when using regional content in school geography.

In this regard, as the main goal of the research work, a method was chosen to identify the problems of using the local region based on modern pedagogical technologies by questioning schoolteachers. During the planned research work, it is preferable to generalize primary sources and secondary sources on a given topic. Local and regional content plays an important role in teaching school geography, as it allows students to better understand the geographical features of a particular region and correlate them with general geographical principles. In addition, the use of regional content increases students' interest in geography and enriches the learning process. The article makes a comprehensive analysis of school geography on the use of the local region. In addition, the methods, and forms of organizing work with regional content play an important role in achieving educational goals in geographical learning. The use of different methods and forms allows you to create an interesting and effective learning environment that contributes to a deeper understanding of regional features. The results of the study contain

recommendations on the problems of using regional content in school geography based on modern pedagogical technologies.

**Keywords:** regional content, methods, geography, pedagogical technologies, teaching aids.

**Кіріспе.** Қазіргі әлем адамдардан географияны білуді және мұғалімдерден заманауи педагогикалық технологиялармен жұмыс істей білуді талап етеді. Мысалы, экология, геология, туризм, географиялық ақпараттық жүйелер және басқа салалардағы мәселелерді шешуде географиялық білімнің болуы өте маңызды. Сондықтан да, педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, мектеп географиясын оқыту мәселесі де бүгінгі таңда *өзектілігі* жоғары тақырыптардың бірі болып табылады.

Мектеп географиясындағы тақырыптарды жергілікті аймақты пайдалану арқылы талдаудың негізінде қайта қарау керек мәселе оқыту процестеріне заманауи технологияларды енгізу қажеттілігі болып саналады [1]. Географияны оқытуда педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолданудың білім беру әлеуетін растайтын көптеген мысалдар болғанымен, оны аймақтық мазмұн бойынша оқыту үшін қолдану осы уақытқа дейін оқулықтарда аз зерттелген.

Географиялық білім берудің негізгі мақсаты білім алушылардың білімі мен дағдыларының толық жүйесін меңгеруі болып табылады. Карбаева Ш.Ш., Мазбаев О.Б., Асубаев Б.Қ., Токпанов Е.А., Абдиманатов Б.Ш., Саипов А.А. сияқты отандық ғалымдар жүргізген зерттеулеріне сүйенетін болсақ, өлкетанудың білім беруде берер мүмкіндіктері мен аймақтық мазмұнды қолданудың маңызы зор болып келеді [2-4]. Зерттеулер көрсеткендей, үйренетін нәрселердің 83%-ы көру қабілетінің арқасында болады және адамдар әдетте ауызша айтылған мәліметтердің 70%-ын және кез-келген әрекетті орындаған кезде көргендерінің 90%-ын есте сақтайды [5]. Білім алушыларды қоршаған әлеммен таныстыру және навигация үшін көрнекі құралдарды қажет ететін пәндердің бірі – география болып табылады.

Мектеп географиясы – білім беру жүйесіндегі маңызды пәндердің бірі. Бұл пән білім алушыларға қоршаған орта мен әлемді, оның географиялық, экономикалық және әлеуметтік аспектілерін жақсы түсінуге көмектеседі. Географияны сәтті оқытудың негізгі элементтерінің бірі – аймақтық мазмұнды пайдалану болып табылады, себебі ол аймақтың географиялық ерекшеліктері мен мәселелерін жақсы түсінуге және талдауға көмектеседі. Осылайша, географияны жергілікті аймақ арқылы білу және оларды педагогикалық технологияларды пайдалана отырып оқыту білім алушыларға қоршаған ортадағы әлемнің қалай жұмыс істейтінін және әртүрлі құбылыстар арасында қандай байланыстар бар екенін түсінуге көмектеседі. Аймақтық мазмұнды пайдаланудың маңыздылығы – білім алушылардың өздері өмір сүретін географиялық ортаны жақсы түсінуге және талдауға, сонымен қатар сыни ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Зерттеудің мақсаты: педагогикалық технологиялар негізінде мектеп географиясында аймақтық мазмұнды пайдалану мәселелерін анықтау.

XVII ғасырда ұлы ғалым-ағартушы Ян Амос Коменский өзінің «Ұлы дидактика» кітабында туған өлке негізінде, яғни аймақтық мазмұн арқылы географияны оқыту идеясын нақты тұжырымдады [6]. Осы ойды дәйекті түрде жүзеге асыра отырып, мектеп географиясының оқу бағдарламасы сол кезде жергілікті мектепке жақын орналасқан аймақтың мазмұны мен оның географиясынан бастауын алған болатын.

Мектеп өлкетануының негізін қалаушы және географиялық мектеп экскурсияларының пионері болып табылатын Д.Д. Семенов, ол тұжырымды дұрыс деп есептеді. Ғалымның пайымдауынша, педагогикалық шындық әділ болса, онда географияны оқыту оқушы тұратын жерді зерттеуден басталуы керек [7]. География мен өлкетануды зерттеудің объектісі мен әдістері сәйкес келетіндігіне сүйене отырып, А.С. Барков өлкетануды «кіші география» немесе дәлірек айтқанда «кіші елтану» деп қарастырды [8].

О.Б. Мазбаев, Б.Қ. Асубаев, Е.А. Токпанов сынды отандық зерттеушілердің оқу құралында көрсетілгендей, мектеп тәжірибесінде жүзеге асатын өлкетану өзінің мазмұны бойынша жергілікті аймақты жан-жақты зерттеуді қамтиды. Бұл тәсіл жергілікті ерекшеліктердің қызмет

көрсету саласын, оның ішінде туризм саласын дамытуға әсерін терең түсінуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, И.С. Матрусов [9] пен А.В. Даринский [10] сияқты әдіскерлер географияда өлкетанудың басталуын, қоршаған әлемнің құбылыстары мен процестерін танудың, қабылдаудың алғашқы қадамын, абстрактілі ойлаудың тиімділігін, зерттелетін аумақтың нақтылығын атап өтеді. Демек, жергілікті аймақтағы материалдардың негізгі бағыты – сенсорлық қабылдауды дерексіз ойлаумен байланыстыру болып табылады. Осылайша, жергілікті аймақтың мазмұны, оларды ұйымдастырушылық формалары мен әдістері білім беру міндеттерімен, оқу бағдарламасының талаптарымен, тарихи өткеннің ерекшеліктерімен, туған өлкенің нақты табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен анықталады.

География ғылымының синтезделетін, жан-жақты ерекшелігінің арқасында география пәні мұғалімдері көбінесе ұйымдастырушы жетекші ретінде әрекет етеді. Демек, мектеп географиясында жергілікті аймақты пайдалану дегеніміз – мұғалімдердің басшылығымен сабақтан тыс уақытта жақын маңдағы аймақтың, ауданның, облыстың табиғатын, халқын, экономикасын, тарихы мен мәдениетін зерттеу.

Жергілікті аймақты пайдалану арқылы оқытудағы өзекті мәселелерді қосу ХХІ ғасырдың әлеуметтік және экологиялық мәселелерін шешуге келгенде ерекше рөл атқарады, өйткені бұл болашақ ұрпақты ХХІ ғасырдың тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) сәйкес келетін ойлаудың, мінез-құлықтың және іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін қабылдауға ынталандыруы мүмкін [11].

Мектеп географиясын оқыту барысында өтетін практикалық сабақтарға келетін болсақ, білім алушыларға бұл саланың туризм, мәдениет және тарих сияқты адам өмірінің басқа аспектілерімен қалай байланысты екенін түсінуге мүмкіндік береді [12]. Мысалы, білім алушылар географияның жергілікті салт-дәстүрлер мен мәдениетті сақтауға және ілгерілетуге қалай ықпал ететіні және саланың табиғи ресурстар мен географиялық орналасу сияқты географиялық және климаттық факторлармен байланысы туралы біле алады. Әлеуметтік-экономикалық, технологиялық, экологиялық және саяси ортаның динамикасы соңғы жылдары барлық мүдделі субъектілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін зерттеу парадигмасының өзгеруіне әкеледі [13]. Демек, білім беру мен жергілікті аймақ арасындағы байланысты талдаудың фокусы кеңейіп, мектеп географиясында оларды жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу адам өмірінің көптеген аспектілеріне әсер ететіндігін көрсетеді. Осы орайда, педагогикалық технологиялар мектептегі география сабақтарын оқушылар үшін қызықты әрі түсінікті етуге көмектеседі. Қазақстандық ғалымдардың пайымдауынша [14], практикалық сабақтарда білімгерлердің білігін қалыптастыру түрлі жаттығуларды орындау түрінде, іскерлік ойындарда әртүрлі рөлдер орындау барысында, білім жобаларын жасау және педагогикалық ситуацияларды модельдеу түрінде жүзеге асырылады. Ал интерактивті карталарды, географиялық ақпараттық жүйелерді, бейне сабақтарды және басқа да заманауи технологияларды пайдалану білім алушыларға географияны тереңірек және тиімді зерттеуге мүмкіндік береді.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Отандық зерттеушілердің пікірінше, оқу бағдарламасында білім алушыларды қоршаған ортада болып жатқан мәселелер мен процестерге қатысты сұрақтар қоя білуіне, ойлануына және сыни ойлауды көрсетуге шақыратын дидактикалық тапсырмалардың басым болуы керек екенін атап өтуге болады [15]. Осылайша, білім алушылар жергілікті аймақ географиясының жағдайын білуі керек. Демек, білім алушы оның аймағындағы мазмұнға байланысты географиялық процестер жайлы көбірек ақпарат алуына мүмкіндік туындайды.


Жоспарланған зерттеу жұмысы барысында белгіленген зерттеу тақырыбы аясында бірінші және екінші реттік дереккөздерін пайдалану қолайлы болып саналады. Теориялық зерттеу әдісін қолдана отырып, отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу жасалынды. Әдебиеттерді *талдау* әдісін қолдану арқылы географиялық білім беруде педагогикалық технологияларды пайдалану ғылыми және практикалық зерттеулерге шолу жасалынды. Эмпирикалық зерттеу әдісі ретінде сауалнама таңдалынып алынды. Сауалнама әзірлеу процесінде педагогикалық технологияларды пайдалану кезінде оқытушылардың тәжірибесінде орын алатын мәселелерге байланысты сұрақтар құрастырылды. Зерттеу нәтижелерінің *синтезі* аймақтық географиялық білім беруде

педагогикалық технологияларды қолданудағы негізгі тенденциялар мен проблемаларды анықтау мақсатында деректерді жалпылауға негіз болды.

Жүргізілген талдау жұмыстарына сүйене отырып, мақалада аймақтық географиялық білім беруде педагогикалық технологияларды қолданумен байланысты мәселелерге шолу жасайды және оларды шешу үшін практикалық ұсыныстар берілді. Зерттеу нәтижелері аймақтық ерекшеліктердің ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесіне технологияларды енгізудің тиімді стратегияларын жасауға ықпал етеді.

**Зерттеу нәтижелері және талқылау.** Зерттеу нәтижелеріне келетін болсақ, сауалнама сұрақтарына берілген жауаптарды талқылау тиімді болады. Зерттеу барысында жергілікті аймақты пайдалану мәселелерін анықтау және оларды талқылау мақсатында мектеп мұғалімдерінен сауалнама алынды. Сауалнама онлайн форматта жүргізілді. Қатысушылардың жалпы саны – 50. Респонденттер Алматы қаласында орналасқан орта мектептердің география пәні бойынша жұмыс істейтін оқытушылар құрамын құрайды. Берілген зерттеу жұмысы үшін сауалнама сұрақтары тізімделді (қосымша 1).

Зерттеу сұрақтарына бағытталған сауалнама барлық қазақ және орыс топтарының оқытушыларына бірдей таратылды. Маңызды сұрақ ретінде зерттеу тақырыбының негізі болып табылатын мектеп географиясын оқытуда қандай заманауи педагогикалық технологияларды көбірек қолданылатынын анықтау үшін берілген болатын (сурет 1).



Сурет 1. Оқытушылардың мектеп географиясын оқытуда заманауи педагогикалық технологияларды қолдануы

Сұрақта берілген жауап нұсқаларына сәйкес, мұғалімдердің 40%-ы интерактивті әдістер мен 30%-ы заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланатынын белгілеп өткен. Әдетте, бұл аталған әдістерге компьютерлік бағдарламалар мен веб-қосымшалар, географиялық ақпараттық жүйелері, сондай-ақ онлайн ресурстары кіреді. Ал проблемалық тұрғыдан оқу жобаларындағы қызмет көрсету саласының нақты мәселелерін шешуді қолданатын мұғалімдер саны сұралушылардың 15%-ын құрады. Қалған 25% кейс-әдісі (мысалы, тәжірибедегі кейстерді талдау, оларды талқылау) мен ойын әдістерін (мысалы, талқылау, рөлдік ойындар, модельдеу, географиялық тапсырмалар), ал жоба әдісін (жобаларын әзірлеу және іске асыру) 20%-ы қолданатыны белгілі болды.


Сонымен қатар, аймақтық мазмұнмен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен формалары географиялық оқытуда білім беру мақсаттарына жетуде маңызды рөл атқарады. Әр түрлі әдістер мен формаларды қолдану аймақтық ерекшеліктерді тереңірек түсінуге ықпал ететін қызықты және тиімді оқу ортасын құруға мүмкіндік береді (сурет 2).



Сурет 2. Географияны аймақтық мазмұнмен байланыстыру үшін қолданылатын әдістер

2-ші суреттегі нәтижелері бойынша, мұғалімдердің 38%-ға жуығы интерактивті ресурстарды пайдалану, яғни виртуалды турларды және түрлі экскурсияларды ұйымдастыру тиімді деп есептейді. Қалған 12%-ы қоршаған орта туралы деректерді жинақтау мен олардан көрнекіліктерді пайдалануды белгілеген болатын.

Осы орайда, технологияларды пайдаланудан бөлек, мектеп географиясы оқу бағдарламасында берілген тақырыптарды оқыту кезінде қандай қиындықтар туындайтынын анықтау маңызды (сурет 3).



Сурет 3. Берілген тақырыпты оқыту кезінде туындайтын қиындықтар

3-суретке сәйкес, сұралушылардың 33%-дан астамы практикалық сабақтар мен жобалық қызметті ұйымдастырудағы қиындықтарды және интерактивті сабақтарды өткізу үшін уақыттың шектеулігін атап өтті. 17%-ы біліктілігі мен даярлығының болмауымен бірге технологияларды пайдалану кезіндегі оқушылардың үлгерімдерін бағалаудағы қиындықтардың болатынын белгіледі.

Соңғы сауал ретінде қарастырылып отырған аймақтық мазмұнды пайдалану мәселелерін шешу мақсатында шешім ретінде нұсқалары сұралған болатын (сурет 4).

Технологияларды пайдалану үшін оларға қолжетімділіктің болуы қажет
География сабағында технологияларды пайдалану үшін оқу материалдарын жаңарту қажет
Интерактивті әдістер мен жобаларды ұйымдастыру
Жобалық қызмет жүзеге асыру
Жобалық тапсырма беру
Интерактивті тақта қолдану
оққышыларға танымдық экскурсиялар ұйымдастыру қажет
Технологияларды пайдалану арқылы, интербелсенді әдісті пайдалануға болады
аймақтық мазмұн бойынша материалдар жинақтау


Сурет 4. Аймақтық мазмұнды пайдалану мәселелеріне арналған ұсыныстар тізімі



4-суретке сәйкес жауаптарды негізге ала отырып, мектеп оқытушылары педагогикалық технологияларды қолдануы үшін оқу материалдарын жаңарту мен практикалық сабақтарға жобалық қызмет пен интербелсенді әдістерді көбірек енгізу қажеттілігін алға тартқанын байқауға болады.

Белгілі болғандай, интерактивті карталарды, географиялық ақпараттық жүйелерді, бейнесабақтарды және басқа да заманауи технологияларды пайдалану білім алушыларға географияны тереңірек және тиімді зерттеуге мүмкіндік береді. Технологияларға негізделген мектеп географиясын зерттеу білім алушыларға ұжымда жұмыс істеу дағдыларын, аналитикалық және сыни ойлауды, зерттеу әрекеттерін және ақпаратты өз бетінше іздеу қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Аймақтық мазмұн мектеп географиясын оқытуда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім алушыларға белгілі бір аймақтың географиялық ерекшеліктерін жақсы түсінуге және оларды жалпы географиялық принциптермен байланыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аймақтық мазмұнды пайдалану оқушылардың географияға деген қызығушылығын арттырады және оқу процесін байытады. Географиялық оқытуда білім беру мақсаттарына жету үшін ең тиімді болуы мүмкін аймақтық мазмұнмен жұмысты ұйымдастырудың бірнеше әдістері мен формалары бар (сурет 5).



Сурет 5. Аймақтық мазмұнды пайдалану арқылы жұмысты ұйымдастыру формалары

5-ші суретке сәйкес, жобалық қызметті ұйымдастыру арқылы аймақтық мазмұнды өз бетінше зерттеуге және алған білімдеріне негізделген жобаларын жасауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс сыни ойлауды, командада жұмыс істеу қабілетін дамытуға және оқушылардың ынтықсын арттыруға ықпал етеді [16]. Зерттеу іс-әрекеті – білім алушыларға әртүрлі әдістер мен деректер көздерін пайдалана отырып, аймақтық мазмұнды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беретін әдіс. Бұл әдіс деректерді талдау және түсіндіру дағдыларын, сұрақ қою және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Ал сабақты жобалау әдісі белсенді қатысуға тарту және нақты мәселелерді шешуге жағдай жасау арқылы аймақтық мазмұнға негізделген сабақты дамытуға мүмкіндік беретін әдіс болып табылады. Бұл әдіс білім алушылардың мотивациясын арттыруға көмектеседі және географиялық білімді іс жүзінде қалай қолдануға болатынын жақсы түсінуге көмектеседі. Тағы бір форма ретінде экскурсиялар мен жорықтар, яғни көшпелі сабақтар ұсынылады. Бұл форманы қолдану арқылы білім алушыларға нақты әлемдегі географиялық объектілермен, процестермен және құбылыстармен тікелей танысуға мүмкіндік туындайды. Жұмыстың бұл түрі жалпы мәдениеттің дамуына, адамның әлемдегі орнын түсінуге ықпал етеді және студенттерге табиғат пен қоғамдағы қатынастар мен өзара әрекеттесулерді жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, аймақтық мазмұнмен жұмыс тиімділігі оқу материалдарын дұрыс таңдауға, оқытудың заманауи технологиялары мен әдістерін қолдануға, оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеруге және қолайлы білім беру ортасын құруға байланысты. Алайда, педагогикалық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары көп болғанымен, мектеп географиясында аймақтық мазмұнды пайдалану мәселелері тізбегі келесідей болып келеді:

– оқу мақсатында пайдалану үшін қолжетімді сапалы аймақтық мазмұн объектілерінің жеткіліксіз саны;

– заманауи педагогикалық технологиялар мен жергілікті мазмұнды пайдалану бойынша география мұғалімдерін даярлаудың жеткіліксіздігі;

– оқу процесінде аймақтық мазмұнды пайдалану үшін қажетті техникалық құралдарға шектеулі қол жетімділік.

Келтірілген мәселелерге қарамастан, жергілікті аймақ бойынша жұмыстың әртүрлі формаларын сабақтан тыс уақытта қолдану білім алушыларға ғылымның, техниканың, тарихтың әртүрлі салаларынан білімді тарта отырып, өз бетінше ойлауға, проблемаларды табуды және шешуді үйренуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар тақырып бойынша нәтижені болжауды үйренуге, себеп-салдарлық байланыстар орнатуға көмектеседі.

Нәтижелер бөлімінде ескерілген 5-сұрақ нәтижелері бойынша, мұғалімдердің пікірінше мектеп географиясында қолданылатын аймақтық мазмұн әдістері тиімді болу үшін келесі құралдарды пайдалануға болады:

– оқушыларға аймақтың географиялық құрылымы мен ерекшеліктерін жақсы түсінуге көмектесетін географиялық карталар мен аймақ жоспарлары;

– виртуалды турлар мен қолданбалар сияқты интерактивті ресурстар;

– аймақтық ерекшеліктерді елестетуге және оқушыларды қызықтыруға көмектесетін фотосуреттер мен бейнелер.

– әртүрлі факторлардың адам өміріне қалай әсер ететінін түсінуге көмектесетін климат, табиғи жағдайлар және аймақ экономикасы туралы деректер.

Аталып өткендей, аймақтық мазмұнмен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен формалары географиялық оқытуда білім беру мақсаттарына жетуде маңызды рөл атқарады. Әр түрлі әдістер мен формаларды қолдану аймақтық ерекшеліктерді тереңірек түсінуге ықпал ететін қызықты және тиімді оқу ортасын құруға мүмкіндік береді. Мысалы, пікірталастар мен жобалар сияқты интербелсенді оқыту әдістерін қолдану білім алушылардың белсенділігін арттыруға және ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Матрусовтың пікірінше, экскурсиялар мен практикалық сабақтарды ұйымдастыру аймақтық ерекшеліктермен жақынырақ танысуға және олардың маңыздылығын іс жүзінде сезінуге мүмкіндік береді [9, 8 б.]. Сонымен қатар, аймақтық мазмұнмен жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі әдістері мен формалары мұғалімге оқушылардың жеке ерекшеліктеріне байланысты оқытуды тиімдірек ажыратуға және материалды барынша толық игеруді қамтамасыз етуге көмектеседі. Осылайша, аймақтық мазмұнмен жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі әдістері мен формаларын қолдану сәтті географиялық оқытудың маңызды аспектісі болып табылады және білім беру мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

**Қорытынды.** Сонымен, педагогикалық технологиялар негізінде мектеп географиясында аймақтық мазмұнды пайдалану мәселелері өзекті болып қала беретінін және одан әрі зерттеуді қажет ететінін атап өтуге болады. Алайда, жүргізілген талдау жұмысы бірнеше тұжырымдарды жасауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, географиялық оқытуда аймақтық мазмұнды пайдалану материалды тереңірек және практикалық түсінуге ықпал етеді. Білім алушылардың ынтасын арттыра отырып, өздерінің білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қалай қолдануға болатынын және аймақтық органы жақсартуға қалай үлес қоса алатынын көре алады.

Екіншіден, жергілікті аймақтық мазмұнды пайдалануда бірқатар кедергілер бар, мысалы, тиісті оқу материалдарының болмауы, білікті оқытушылардың жетіспеушілігі және ақпарат көздеріне қол жетімділіктің шектелуі.

Үшіншіден, географиялық оқытуда аймақтық мазмұнды тиімді пайдалану үшін жобалық оқыту, оқытудың интербелсенді әдістері, виртуалды турларды пайдалану және т.б. сияқты әдіс-тәсілдерді қолдану қажет.

Осылайша, педагогикалық технологиялар негізінде мектеп географиясын оқытумен байланысты мәселелерді шешу білім сапасы мен білім алушылардың дамуына оң әсер етуі мүмкін. Аймақтық мазмұн географияны оқытуда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім



алушыларға жергілікті орта, географиялық ерекшеліктер мен ресурстар және туған өлкенің мәдениеті мен тарихы туралы көбірек білуге мүмкіндік береді. Бұл білім алушылардың жергілікті аймақ туралы, оның проблемалары мен даму перспективалары туралы терең түсініктерін қалыптастыруға көмектеседі. Білім беру процесінің барлық қатысушылары оқушылардың қажеттіліктерін ескеретін және аймақтық мазмұнның барлық артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік беретін тиімді географиялық оқыту жүйесін құруға ұмтылуы керек. Қорытындылай келе, педагогикалық технологиялар негізінде мектеп географиясында жергілікті аймақты пайдалану мен оқытуға байланысты мәселелерді шешу жалпы қоғам үшін де оң нәтижелерге әкелуі мүмкін.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Петрова Н.Н. География в школе: проблемы и перспективы // Вестник Московского Университета. Серия 20. Педагогическое образование. 2019, № 3. С. 47-54.
2. Карбаева Ш.Ш. Об особенностях преподавания географии в средних общеобразовательных школах в 2006-2007 учебном году [Текст] / Ш.Ш. Карбаева // География в школах и вузах Казахстана. – 2006. – №5. – С. 2-4.
3. Мазбаев О.Б., Асубаев Б.Қ., Тоқпанов Е.А. Туризм және өлкетану негіздері [Текст] : оқу құралы / Астана: Фолиант, 2013. – 152 б. - ISBN 978-601-292-712-2.
4. Абдиманов Б.Ш., Еркебеков А.К., Саипов А.А., Игамбердиев Р.Р. К вопросу изученности проблемы педагогических возможностей туристско-краеведческой деятельности. Вестник ЕНУ имени Гумилева. Серия – Педагогика. Психология. Социология. № 1(138)/2022. С. 352-363.
5. Shabiralyani G., Hassan S.K., Hamad N., Iqbal N. Impact of visual aids in enhancing the learning process case research: Districk Dera Ghazi Khan. Journal of Education and Practice, 16(19), 2015. – 226-234 pp. URL: [https://www.semanticscholar.org/paper/Impact-of-Visual-Aids-in-Enhancing-the-Learning-Shabiralyani-Hasan/direct\\_link](https://www.semanticscholar.org/paper/Impact-of-Visual-Aids-in-Enhancing-the-Learning-Shabiralyani-Hasan/direct_link)
6. Коменский Я.А. Великая дидактика // Избранные педагогические сочинения: В 2 т. Т. 1. Москва: Педагогика, 1982. – 656 с.
7. Семенов Д.Д. Избранные педагогические сочинения. Ред. Н.А. Константинова. Москва: Изд. АПН РСФСР, 1953. – 400 с.
8. Барков А.С. Вопросы методики и истории географии. (Избранные работы.), Изд-во АПН РСФСР, 1961. – 74 с.
9. Матрусов И.С. Школьное краеведение и его современные задачи: Краеведческая работа в школе: Тезисы докладов конференции по проблемам краеведения и охраны окружающей среды в работе школы и педвузов. Москва: Академия пед. наук СССР, 1974. – Часть 2. – С.6-10.
10. Даринский А.В. Методика преподавания географии: Учебное пособие для студентов геогр. спец. пед. ин-тов. 3-е изд., перераб. и доп. Москва: Просвещение, 1975. – 368 с.
11. Menon S., Suresh M., Raghu R. Curriculum agility in higher education. Journal of Further and Higher Education, 2022. 46:9, 1175-1194 p. <https://doi.org/10.1080/0309877X.2022.2058355>
12. Davidsen J., Georgsen M. ICT as a tool for collaboration in the classroom – challenges and lessons learned. Design for Learning, 3(1-2), 2010. 4-69 pp.
13. Velemplini K., Martin B. Place-based education as a framework for tourism education in secondary schools: A case study from the Okavango Delta in Southern Africa. Journal of Hospitality, Leisure, Sport & Tourism Education, 2019, 25, 100-197 p. ISSN 1473-8376. <https://doi.org/10.1016/j.jhlste.2019.100197>
14. Бәрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 б.
15. Abdimanapov B., Kaldybekova R., Aksoy B. Impact of Activity-Based Map Literacy Skills Teaching on Academic Achievement Levels of Secondary School Students in Kazakhstan. Review of international geographical education. ISSN: 2146-0353. 11(1), (SPECIAL ISSUE), MARCH 2021. – PP/ 154-167. <https://www.researchgate.net/publication/350962201>

16. De Miguel R. *Geoinformación e innovación en la enseñanza-aprendizaje de la geografía: Un reto pendiente en los libros de texto de secundaria*. *Didáctica Cienc. Exp. Soc.* 2013, 27, 67-90. DOI: <https://doi.org/10.7203/dces.27.2344>

#### References

1. Petrova N.N. *Geografía v shkole: problemy i perspektivy* // *Vestnik Moskovskogo Universiteta. Seria 20. Pedagogicheskoe obrazovanie*. 2019, No. 3. Pp. 47-54.
2. Karbayeva Sh. *Ob osobennostyah prepodavaniya geografii v srednih obsheobrazovatelnykh shkolah v 2006-2007 uchebnom godu [Tekst] / Sh. Karbayeva* // *Geografiya v shkolah i vuzah Kazahstana*. - 2006. - №5. - S. 2-4.
3. Mazbaev O.B., Asubaev B.Қ., Tokpanov E.A. *Turizm zhane olketanu negizderi [Tekst: oku kuraly / Astana: Foliant, 2013. – 152 b. – ISBN 978-601-292-712-2.*
4. Abdimanapov B.Sh., Erkebekov A.K., Saipov A.A., Igamberdiev R.R. *K voprosu izuchennosti problemy pedagogicheskikh vozmozhnostej turistsko-kraevedcheskoj deyatel'nosti*. *Vestnik ENU imeni Gumileva. Seriya – Pedagogika. Psihologiya. Sociologiya*. № 1(138)/2022. С. 352-363.
5. Shabiralyani G., Hassan S.K., Hamad N., Iqbal N. *Impact of visual aids in enhancing the learning process: Case research in District Dera Ghazi Khan*. *Journal of Education and Practice*, 16(19), 2015. – pp. 226-234. URL: [https://www.semanticscholar.org/paper/Impact-of-Visual-Aids-in-Enhancing-the-Learning-Shabiralyani-Hasan/direct\\_link](https://www.semanticscholar.org/paper/Impact-of-Visual-Aids-in-Enhancing-the-Learning-Shabiralyani-Hasan/direct_link)
6. Komenskij Y.A. *Velikaya didaktika* // *Izbrannye pedagogicheskie sochineniya: V 2 t. T. 1*. Moskva: Pedagogika, 1982. – 656 s.
7. Semenov D.D. *Izbrannye pedagogicheskie sochineniya*. Ed. N.A. Konstantinova. Moscow: Publishing House of APN RSFSR, 1953. – 400 p.
8. Barkov A.S. *Voprosy metodiki i istorii geografii. (Izbrannye raboty)*. Moscow: Publishing House of APN RSFSR, 1961, p. 74.
9. Matrusov I.S. *Shkolnoe kraevedenie i ego sovremennye zadachi: Kraevedcheskaya rabota v shkole: Tezisy dokladov konferencii po problemam kraevedeniya i ohrany okruzhayushej sredy v rabote shkoly i pedvuzov*. Moskva: Akademiya ped. nauk SSSR, 1974. – Part 2. – P. 6-10.
10. Darinskiy A.V. *Metodika prepodavaniya geografii: Uzhebnoe posobie dlya studentov geogr. spec. ped. in-tov. 3-e izd., pererab and dop*. Moscow: Prosveshenie, 1975. – 368 p.
11. Menon S., Suresh M., Raghu R. *Curriculum Agility in Higher Education*. *Journal of Further and Higher Education*, 2022. 46:9, pp. 1175-1194. DOI: <https://doi.org/10.1080/0309877X.2022.2058355>
12. Davidsen J., Georgsen M. *ICT as a Tool for Collaboration in the Classroom – Challenges and Lessons Learned*. *Design for Learning*, 3(1-2), 2010. Pp. 4-69.
13. Velempini K., Martin B. *Place-based Education as a Framework for Tourism Education in Secondary Schools: A Case Study from the Okavango Delta in Southern Africa*. *Journal of Hospitality, Leisure, Sport & Tourism Education*, 2019, 25, pp. 100-197. ISSN 1473-8376. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jhlste.2019.100197>
14. Boribekova F.B., Zhanatbekova N.Zh. *Kazirgi zamangy pedagogikalık tehnologiyalar: Okulyk*. – Almaty: 2014. – 360 p.
15. Abdimanapov B., Kaldybekova R., Aksoy B. *Impact of Activity-Based Map Literacy Skills Teaching on Academic Achievement Levels of Secondary School Students in Kazakhstan*. *Review of international geographical education*. ISSN: 2146-0353. 11(1), (SPECIAL ISSUE), MARCH 2021. – PP/ 154-167. <https://www.researchgate.net/publication/350962201>
16. De Miguel R. *Geoinformation and Innovation in Teaching and Learning Geography: A Pending Challenge in Secondary School Textbooks*. *Didactica Cienc. Exp. Soc.* 2013, 27, P. 67-90. DOI: <https://doi.org/10.7203/dces.27.2344>